






Қайырымдылық - жылы жүректен.





Әдептілік тәрбие бастауы.


Сәлемдесу-
әдептілік бастау.



Үлкенге де сіз, кішіге де сіз.
Барша жанды құрметтеп, бас
иеміз біз.

Сыйласаң – сыйлы
боласың.

Жақсыдан үйрен,
Жаманнан жирен.



Бұл жағдайда қандай
әрекет жасайсындар?



Мақал сөздер:

Ата-ананың
ақылы
сарқылмайтын
көлмен тең.

Баймын деп
мақтанба,
жарлық бар.
Көппін деп
сұқтанба,
жалғыздық бар.

Адамгершіліксіз адам
айқайлай келеді.
Жан жағын жайпай
келеді.
Адамгершілікті адам
жай-жай келеді,
Жан-жағын байқай
келеді.

Ақыл тозбайтын
тон. Білім
таусылмайтын кен.

Ақыл-байлық-
азбас байлық
Ақылың болса
арыңды сақта
Ар ұят керек әр
уақытта.

Әдеп сақта әманда,
әрбір адал адамға.
Жасасаң бір
жақсылық
қайтарады сағанда.
Ынтымаққа қосылда,
ықылас қой досына.
Ар мақсатың нақ
болсын
Ақылыңнан тосылма.



Маржан сөздер сыю шертеді:

Адамның адамшылығы –
ақыл, ғылым, жақсы ата-ана,
жақсы құрбы - ұстаздан
болады.

Жақсылық істеуден жалықпа
Істеген жақсылығына өкінбе!

Бітер істің басына
Жақсы келер қасыңа
Жақсы адам елдің ырысы,
Жақсы сөз- жанның
тынысы.

Әдепсіз бала ауыздықсыз
атпен тең.
Ақылды қария жазып
қойған хатпен тең.

Сыйға сый, сыраға бал.
Ұлың өссе, ұлы үлгімен
ауылдас бол,
Қызың өссе, қызы
үлгімен ауылдас бол.

Ар қайда болса ұят сонда.
Әдептің не екенін әдепсіз
адамды көргенде ұғарсың.
Аға әдепті болса, іні әдепті.
Әпке әдепті болса, сіңлі
әдепті.
Әдептілік, ар, ұят –
адамдықтың белгісі.

Жақсы адам жолдасынан
белгілі.

Биікке шықсаң көзің
ашылады,
Жақсымен сөйлесең
көңілің ашылады.

Ұят жүрген жерде абырой
төгілмейді.
Абырой бар жерде ар
шапан сөгілмейді.